«8D10139 – Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік медианы қолдануы: трендтер, перспективалар және өзекті мәселелер» тақырыбындағы Мухамедияров Майдан Нагашыбаевичтің диссертациялық жұмысына АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі

Зерттеудің өзектілігі денсаулық сақтау мен медицина ғылымында әлеуметтік желілердің рөлінің күшеюімен байланысты. Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулердің нәтижелері тек дәстүрлі ғылыми журналдар мен дерекқорлар арқылы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы да жылдам таралады. Бұл медицина қызметкерлеріне жаңа зерттеулермен жедел танысуға мүмкіндік береді және ғылыми жұмыстардың көріну деңгейі мен талқылануын арттырады. COVID-19 пандемиясы кезінде онлайн-сауалнамалар, қашықтан жүргізілетін зерттеулер және цифрлық платформалар кеңінен қолданылды, бұл әлеуметтік желілердің ғылыми ортадағы маңызын айқын көрсетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлеуметтік желілердің пандемия кезеңінде денсаулық туралы ақпараттың жедел таралуында маңызды рөл атқарғанын, сондай-ақ жалған ақпараттың да тез таралуына ықпал еткенін атап өтеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер ғылыми журналдардың аудиториясын кеңейтіп, зерттеулерге назар аударуға және олардың ғылыми ықпалын күшейтуге ықпал етеді. Осыған байланысты әлеуметтік желілердің ғылыми зерттеулерді таратудағы, олардың қолжетімділігі мен ықпалын арттырудағы рөлін зерделеу өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер тек ақпарат тарату құралы ғана емес, сонымен бірге ғылыми нәтижелердің цифрлық көрінуін арттырудың, кәсіби ортада талқылаудың және жұртшылықтың назарын аударудың маңызды алаңына айналды. YouTube, Instagram, X (Twitter), Facebook сияқты платформалар, әсіресе, медициналық ақпаратты, ғылыми жаңалықтарды және зерттеу нәтижелерін кең аудиторияға жедел ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл ғылыми журналдардың цифрлық қатысуын күшейтуге және олардың кәсіби аудитория арасындағы танымалдылығын арттыруға ықпал етеді.

Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік желілер ықпалын зерттеу бірнеше маңызды бағыттарды қамтиды. Оларға медицина қызметкерлерінің цифрлық платформаларды кәсіби тұрғыда пайдалануы, ғылыми жарияланымдар белсенділігінің динамикасы, ғылыми журналдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі, ғылыми зерттеулерге қоғам назар аударуының деңгейі, медициналық контенттің сапасы және ретракцияланған жарияланымдардың цифрлық ортада таралу ерекшеліктері жатады. Осындай кешенді талдау әлеуметтік желілердің медицина ғылымы мен практикалық денсаулық сақтаудағы орнын тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

Кросс-секциялық зерттеулердің нәтижелері әлеуметтік желілердің денсаулық сақтау қызметкерлерінің кәсіби қызметіне кеңінен интеграцияланғанын және негізінен білім алу, ғылыми ақпарат алу және кәсіби дамуға пайдаланыла отырып қолданылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, ақпараттың шамадан тыс көптігі, контентті сыни бағалаудың күрделілігі және әлеуметтік желілерді кәсіби мақсатта тиімді пайдалануға қатысты арнайы дайындықтың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер де сақталуда. Бұл медициналық білім беру жүйесіне цифрлық және медиасауаттылықты жүйелі түрде енгізу қажеттілігін айқындайды.

Әлеуметтік желілер мен денсаулық сақтау тақырыбындағы зерттеулердің альтметриялық талдауы ғылыми жұмыстардың академиялық ортадан тыс резонансын бағалауға мүмкіндік береді. YouTube платформасындағы медициналық бейнематериалдарды бағалау пайдалы контентпен қатар, жаңылыстыратын немесе сапасы күмәнді ақпараттың да едәуір таралатынын көрсетеді. Бұдан бөлек, ретракцияланған жарияланымдардың әлеуметтік желілерде цифрлық ізінің сақталуы ғылыми ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалаудың өзектілігін күшейтеді.

Осыған байланысты әлеуметтік желілердің ғылыми зерттеулерді таратудағы, олардың көрінуі мен ықпалын арттырудағы, ғылыми журналдардың цифрлық беделін нығайтудағы және медициналық ақпарат сапасына әсер етудегі рөлін зерттеу қазіргі заманғы медицина ғылымы мен денсаулық сақтау жүйесі үшін аса өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты

Зерттеудің мақсаты – денсаулық сақтау саласында және ғылыми жарияланымдарда әлеуметтік желілерді пайдалануды, контенттің сапасы мен сенімділігін, сондай-ақ олардың ғылыми қызметпен байланысын кешенді түрде зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді пайдалануын зерттеу;
2. Әлеуметтік желілер мен денсаулық сақтау тақырыбы бойынша ең көп дәйексөз алған алғашқы 50 жарияланымды талдау;
3. Әлеуметтік желілер тақырыбы бойынша ретракцияланған жарияланымдарды зерттеу;
4. YouTube платформасындағы медициналық контенттің сапасы мен сенімділігін бағалау;
5. Ревматологиядағы әлеуметтік желілерге қатысты жарияланымдар мен ғылыми журналдардың әлеуметтік желілердегі цифрлық белсенділігін талдау.

Зерттеу нысаны:

1. Медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді кәсіби мақсатта пайдалану ерекшеліктері;
2. Әлеуметтік желілер мен денсаулық сақтау тақырыбы бойынша ең көп дәйексөзделген ғылыми жарияланымдар;
3. Әлеуметтік желілер тақырыбы бойынша ретракцияланған ғылыми жарияланымдар;
4. YouTube платформасындағы медициналық контенттің сапасы мен сенімділігі;
5. Ревматология саласындағы әлеуметтік желілерге қатысты ғылыми жарияланымдар мен журналдардың цифрлық белсенділігі.

Зерттеу әдістері:

Анкеталық зерттеу (көлденең онлайн-сауалнама; кәсіби қолдану, мотивация, қиындықтар, оқытуға қажеттілік);

Альтметриялық талдау (Altmetric Attention Score, AAS);

Scimago/Scopus деректері негізінде журналдық талдау (әлеуметтік медиадағы белсенділік көрсеткіштері және библиометриялық көрсеткіштер);

Библиометриялық талдау (Web of Science; жарияланымдар, елдер, журналдар және дәйексөзделу динамикасы);

Контент сапасын бағалау (YouTube; GQS және modified DISCERN); статистикалық әдістер (сипаттамалық статистика;

Спирмен корреляциясы; қажет болған жағдайда логистикалық регрессия), (Microsoft Excel бағдарламасында сандық көрсеткіштер (n), пайыз (%) және медиана (минимум–максимум), параметрлік емес тесттер, сондай-ақ әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет – 26.0 нұсқадағы SPSS (SPSS Inc., Chicago, Illinois, USA) қолданылды).

Ғылыми жаңалығы

1. Орталық Азия елдерінде алғаш рет медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді пайдалануына арналған зерттеу жүргізіліп, онда пайдалану мақсаттары, қолайлы платформалар, туындайтын қиындықтар және оқытуға деген қажеттілік талданды.
2. Әлеуметтік желілер мен денсаулық сақтау тақырыбы бойынша жұртшылықтың ең көп назарын аударған неғұрлым маңызды жарияланымдар айқындалды. Жарияланымның жарық көруі мен ретракциялануы арасындағы медианалық мерзім 541 күнді құрайтыны анықталды,

осыған байланысты мұндай жарияланымдар елеулі цифрлық назарға ие болып, әлеуметтік желілерде кеңінен таралады; бұдан бөлек, ретракциядан кейін де олар цифрлық көрінуін сақтап, ақпараттық кеңістікте таралуын жалғастырады.

3. Ғылыми журналдардың әлеуметтік желілерде ресми аккаунттарының болуы жарияланымдық белсенділік пен дәйексөзделудің жоғары көрсеткіштерімен байланысты екені көрсетілді, бұл журналдардың ғылыми көрінуін арттыруда цифрлық қатысудың маңызын растайды.

4. Ревматологиядағы әлеуметтік желілер тақырыбы бойынша жарияланымдық белсенділіктің ерекшеліктері анықталып, YouTube платформасындағы медициналық контенттің сапасы мен сенімділігі бағаланды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Әлеуметтік желілер ғылыми зерттеулердің таралуын жеделдетіп, олардың медицина қызметкерлері арасындағы көрінуі мен оқылуын арттырады. Соның нәтижесінде ғылыми ақпарат кәсіби аудиторияға жылдамырақ жетеді.

2. Әлеуметтік желілерде белсенді ғылыми журналдарда жарияланған зерттеулер кәсіби аудиторияның көбірек назарын аударады және жиірек оқылады. Бұл олардың қолжетімділігі мен практикалық маңызын күшейтеді.

3. Ғылыми журналдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі зерттеулердің цифрлық көрінуінің, талқылануының және ғылыми ықпалының артуымен байланысты. Соның арқасында журналдардың танымалдығы мен беделі де өседі.

4. COVID-19 пандемиясы кезеңінде онлайн-платформалар мен әлеуметтік желілер ғылыми зерттеулерді жүргізу мен таратудың маңызды құралы ретінде айқындалды. Әсіресе онлайн-сауалнамалар мен қашықтан зерттеу тәсілдері кеңінен қолданылды.

5. Әлеуметтік желілер арқылы таралатын медициналық ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалау қазіргі медициналық ғылымның маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл ғылыми деректерді дұрыс пайдалану және жалған ақпараттың таралуының алдын алу үшін қажет.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы әлеуметтік желілердің денсаулық сақтаудағы рөлі туралы ғылыми түсініктерді кеңейтуде және оларды ғылыми әрі кәсіби коммуникацияның заманауи құралы ретінде негіздеуде көрінеді. Алынған нәтижелер медицина қызметкерлерінің әлеуметтік платформаларды кәсіби мақсатта пайдалану ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша жарияланымдық белсенділікті, ғылыми жарияланымдарға қатысты альтметриялық назарды, сондай-ақ цифрлық ортадағы медициналық контенттің сапасы мен сенімділігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеушілер мен ғылыми журналдардың әлеуметтік желілерді пайдалануы ғылыми еңбектердің көрінуін арттыруға, олардың халықаралық аудиториясын кеңейтуге және ғылыми ықпалын күшейтуге ықпал ететіні көрсетілді, бұл ғылыми және редакциялық тәжірибеге цифрлық ілгерілету стратегияларын енгізудің орындылығын растайды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілердің жарияланымдардың ретракциясы туралы ақпаратты неғұрлым жедел таратудағы әлеуетін көрсетеді, бұл ғылыми ақпараттың ашықтығы мен сенімділігін арттыру үшін маңызды.

Нәтижелер

1. Медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді пайдалануын зерттеу нәтижесінде әлеуметтік желілердің денсаулық сақтау мамандарының кәсіби қызметіне кеңінен интеграцияланғаны анықталды. Олар әлеуметтік желілерді негізінен кәсіби даму, білім алу және ақпарат алмасу мақсатында пайдаланады. Ең жиі қолданылатын платформалар ретінде YouTube пен Instagram айқындалды.

2. Әлеуметтік желілер мен денсаулық сақтау тақырыбы бойынша ең көп дәйексөз алған алғашқы 50 жарияланымды талдау альтметриялық көрсеткіштердің ғылыми еңбектердің қоғамдық резонансын бағалауда маңызды қосымша құрал екенін көрсетті. Сонымен қатар, қоғамдық қызығушылық деңгейі әрдайым академиялық дәйексөздер санымен тікелей сәйкес келе бермейтіні көрсетілді.

3. Әлеуметтік желілер тақырыбындағы ретракцияланған жарияланымдарды зерттеу барысында мұндай жарияланымдардың едәуір бөлігі ашық қолжетімді журналдарда жарияланып, кеңінен индекстелетіні анықталды. Ретракцияның негізгі себептері редакциялық тергеп-тексерулер, сенімсіз нәтижелер және жарияланым сапасына қатысты мәселелер болды. Кейбір мақалалар ресми түрде кері қайтарылғанға дейін айтарлықтай цифрлық назарға ие болған.

4. YouTube платформасындағы медициналық контенттің сапасы мен сенімділігін бағалау нәтижесінде пайдалы контенттің басым болуына қарамастан, дәл емес және жаңылыстыратын ақпараттың да кеңінен таралғаны анықталды. Бұл медициналық бейнематериалдардың сапасын бақылауды күшейту және сенімді білім беру контентін көбейту қажеттігін көрсетті.

5. Ревматологиядағы әлеуметтік желілерге қатысты жарияланымдар мен журналдардың әлеуметтік желілердегі цифрлық белсенділігін талдау нәтижесінде 2015–2024 жылдар аралығында осы тақырып бойынша жарияланымдар санының тұрақты өсу үрдісі анықталды. Сондай-ақ ревматология саласындағы журналдардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі мен олардың SJR көрсеткіші, жарияланымдар саны және дәйексөзделуі арасында статистикалық тұрғыдан мәнді оң байланыстар табылды.

Тұжырымдар:

1. Медицина қызметкерлері әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланады. Олар әлеуметтік желілерді негізінен кәсіби ақпарат алу, білім деңгейін арттыру, ғылыми жаңалықтарды қадағалау және әріптестермен байланыс орнату мақсатында қолданады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерді кәсіби мақсатта тиімді пайдалануға арналған оқытуға сұраныстың жоғары екені анықталды.

2. Әлеуметтік желілер мен денсаулық сақтау тақырыбы бойынша жоғары дәйексөзделетін жарияланымдар қоғамдық денсаулық, жалған ақпарат, психикалық денсаулық және мінез-құлық сияқты бағыттарға шоғырланған. Альтметриялық көрсеткіштер мен дәйексөзделу арасында оң байланыс анықталды.

3. Әлеуметтік желілер тақырыбы бойынша жарияланымдардың ретракциялануының негізгі себептері ретінде жарияланым үдерісінің бұзылуы, сенімсіз нәтижелер және деректерге байланысты мәселелер анықталды. Мұндай жарияланымдар ретракциядан кейін де цифрлық кеңістікте таралуын жалғастырады.

4. YouTube платформасындағы медициналық контенттің сапасы мен сенімділігінің біркелкі емес екені анықталды. Пайдалы материалдармен қатар, жаңылыстыратын бейнероликтер де кеңінен таралған.

5. Ревматология саласында әлеуметтік желілерге қатысты жарияланымдар санының тұрақты өсуі байқалады. Әлеуметтік желілерде белсенді түрде ұсынылған ғылыми журналдар жоғары ғылыми ықпалмен және цифрлық көрінумен сипатталады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының қолдауымен және «ОҚМА» АҚ жанындағы Ғылым кеңесі ұйымдастырған жас ғалымдар мен студенттердің «Биология, медицина және фармация дамуының перспективалары» атты XII Халықаралық ғылыми конференциясында (2024 жылғы 17–18 қазан, Шымкент қ.) апробациядан өтіп, баяндалды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде өзара байланысты ғылыми жұмыстар сериясы негізінде әлеуметтік желілердің денсаулық сақтаудағы рөлі жан-жақты зерттелді. Әлеуметтік желілердің медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметі мен ғылыми коммуникациясына берік енгені көрсетіліп, олардың медициналық ақпараттың таралуына, ғылыми жарияланымдардың көрінуіне және денсаулық сақтау мәселелеріне қоғам назарын қалыптастыруға елеулі ықпал ететіні дәлелденді. Медицина қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді негізінен білім беру және кәсіби мақсаттарда белсенді қолданатыны анықталды, алайда оларды пайдалану тиімділігі жүйелі оқытудың болмауымен және ақпараттық шамадан тыс жүктеме қаупімен шектелетіні байқалды. Библиометриялық талдау медицинадағы әлеуметтік желілер тақырыбы бойынша ғылыми белсенділіктің тұрақты өсуін анықтап, ғылыми журналдардың сандық қатысуы мен олардың академиялық ықпалы арасындағы байланысты растады. Альтметриялық талдау әлеуметтік желілердің ғылыми білімді академиялық қауымдастықтан тыс таратудағы маңызды арна екенін көрсетті, бұл медициналық зерттеулерге қоғам қызығушылығының көрінісі болып табылады. Алынған нәтижелер денсаулық сақтауда әлеуметтік желілерді пайдалануға жүйелі көзқарастың қажеттілігін айқындайды, оған медицина қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын дамыту, контент сапасын мониторингілеу және кәсіби қауымдастықтың ғылыми әрі медициналық коммуникацияларға белсенді қатысуы кіреді.

Жарияланымдар

Зерттеу нәтижелері бойынша Journal Citation Reports деректері бойынша 2-квартильге жататын басылымдарда 4 мақала жарияланды (оның 3-інде – бірінші автор).

1. Social media landscape: a cross-sectional survey of health professionals (Rheumatology International, Germany; Q2 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) бірлескен автор)
2. Altmetric Activity and Scientific Integrity: A Retraction Analysis of PubMed-Indexed Social Media-Related Publications (Journal of Korean Medical Sciences, South Korea; Q2 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) бірінші автор)
3. Publication activity trends in the field of social media in rheumatology: a Web of Science-based bibliometric analysis (Rheumatology International, Germany; Q2 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) бірінші автор)
4. Social media landscape of rheumatology journals (Rheumatology International, Germany; Q2 Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) бірінші автор)

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы жарияланымдар

1. Top 50 most cited articles on social media and healthcare: an altmetric analysis (Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics; бірінші автор, автор-корреспондент)
2. Analysis of the quality and credibility of health-related content on YouTube: cross-sectional study (Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics; бірінші автор)
3. Social media and health care: a cross-sectional analysis of X (Twitter) posts using the NodeXL platform (Central Asian Journal of Medical Hypotheses and Ethics; бірінші автор)